



АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының талаптарына сай әзірленген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы). Бағдарламада тәрбие процесінің негізгі қатысушысы ретінде отбасыға жүйелі қолдау көрсету, сондай-ақ құрметке, саналы әрекетке және ынтымақтастыққа негізделген позитивті ата-ана мәдениетін дамыту қажеттігіне баса назар аударылды.

2025–2026 оқу жылындағы АПКО қызметі тек табысты тәжірибелерді жалғастырып қана қоймай, тәрбие процесін жеке бағытта отбасымен жұмыс тәсілі негізінде күшейтеді, ата-аналық құзыреттілікті арттырады және баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

Эмоциялық тұрақтылық, қауіпсіздік және инклюзивтілікке бағытталған модульдерді әзірлеу «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтық бағдарларын – адал, жауапты және қамқор азаматты қалыптастыру

Бірінші модуль – балалар мен ата-аналарға арналған «**ІШКІ КҮШ**» тренинг бағдарламасы – эмоционалды тұрақтылықты, сенімділікті, өзін-өзі реттеу дағдыларын және сындарлы қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Тренинг форматы ата-аналар мен балаларға сенімді қарым-қатынасты нығайтуға, жеке әлеуетін ашуға, стресстік жағдайларды жеңуді үйренуге көмектесетін бірлескен сабақтарды қарастырады.

Екінші модуль – «**Бала қауіпсіздігі**» бағдарламасы – цифрлық және физикалық қауіпсіздік, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлқы, өзіндік дербестік дағдылары мен сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыру сияқты кең ауқымды тақырыптарды қамтиды. Сабақтар интерактивті форматта өтеді және ата-аналар мен балаларға арналған ұсыныстарды, нақты қауіп-қатерлерді моделдейтін, оларды еңсеру жолдарын көрсететін практикалық кейстерден тұрады. Бағдарламада ата-аналар

н балаларға арналған параллель сабақтар қарастырылған, бұл мәселені бірдей түсінуге және оны шешуде келісілген сілдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ШІНШІ МОДУЛЬ — «Өркендеу жолындағы серіктестік», ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған сабақтар — инклюзия, білім беру кеңістігін бейімдеу, педагогтермен өзара іс-қимыл және жеке білім беру траекторияларын әзірлеу мәселелері бойынша практикалық колдау ұсынады.

Бұл модульдер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі қағидастарын іске асырады, соның ішінде: Тәрбиенің жүйелілігі: әрбір модуль саналы тандау жасауға, жауапкершілікпен өзара әрекетке қабілетті тұтас тұлғаны қалыптастыруға бағытталған;

• Отбасы мен мектеп серіктестігі: ата-аналар мен балаларға арналған параллель сабақтар, жеке білім траекториялары және шешімдерді бірлесіп модельдеу тәрбие беретін қауымдастықты нығайтады;

• Инклюзивтілік және әділеттілік: ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар отбасыларға назар аудару ген мүмкіндіктер, құрмет пен әлеуметтік қолдау құндылықтарын жүзеге асырады;

• Позитивті ата-аналық мәдениеті: модульдер ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыруға, саналы тәрбие тәсілдеріне және қабылдауға негізделген ортаны құруға бағытталған.

2025–2026 оқу жылында Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының жаңа тәсілі аясында сабақтарды ұйымдастыру форматына ерекше назар аударылды. Басты әдістемелік тәсілдердің бірі — ата-аналар мен балаларға арналған параллель сабақтарды өткізу және кейінгі бірлескен кездесу.

Мұндай құрылым әрбір топтың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді: ата-аналармен жұмыс — тәрбиелік құзыреттілікті арттыруға және ата-аналық стратегияларды ұғынуға, балалармен жұмыс — эмоциялық реттеу, қарым-қатынас, қауіпсіздік және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бірлескен кездесу — бұл сабақтардың соңындағы байланыстырушы формат. Бұл жерде қатысушылар әсерлерімен бөлісіп, талқыланған тақырыптарды қайта қарастырады, өзара қолдау мен сенімге негізделген атмосферада байланыс дағдыларын меңгереді. Бұл отбасылық байланысты нығайтуға, ұрпақаралық диалог дағдысын қалыптастыруға және алынған білім мен дағдыларды тәжірибе арқылы бекітуге ықпал етеді.

Ата - ана жиналысының тақырыбы:	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты
<p>«Отбасылық зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» «Отбасы – бақыт бесігі» Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу</p>	<p>-дөнгелек үстел (пікірталас, пікірсайыс) - ми шабуылы (брейнсторм)</p>	<p>казан</p>	<p>Абдина З.Р</p>
<p>«Отбасы және мектеп: бір бағытта қарау» «Білімдіге дүние жарық.» Таным қуанышы: баланың қызығға оқуына қалай көмектесеміз?</p>	<p>-іскерлік және рөлдік ойындар</p>	<p>қараша</p>	<p>Ербатырова М.Т</p>
<p>3. «Әрбір бала – жарық Жұлдыз» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?</p>	<p>-case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау)</p>	<p>қантар</p>	<p>Қалиакпарова С.С</p>
<p>4. «Баланы жастан...» Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?</p>	<p>-тренинг, тренингтік жаттығу</p>	<p>наурыз</p>	<p>Мусабекова А.К</p>
<p>5. Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?</p>	<p>«Кейс-стади» әдісі</p>	<p>сәуір</p>	<p>Базарханова С.С</p>
<p>7 Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Отбасы күніне орай «Отбасылық дәстүрлер» ө челленджі</p>		<p>мамыр</p>	<p>Сынып жетекшілер</p>

Ата - ана жиналысының такырыбы:		Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты
«Баланың бас ұстазы – ата-ана» Позитивті тәрбие		-дөңгелек үстел (пікірталас, пікірсайыс)	казан	Рай М.
«Ақыл айтпа, жол көрсет»			караша	Тлеубаева Г.К
«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.»			желтоқсан	Серік Н.М
«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады		- ми шабуылы (брейнсторм)	желтоқсан	Жуламанова А.Е
Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі		-іскерлік және рөлдік ойындар	қантар	Боранбай Д.Д
6 Тәліммен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл аukatтын негізі ретінде		-case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау)	ақпан	Шалтықова Б.Р
7 Бұлақ көрсен, көзін аш. Тұлғаның бойындағы шығармашылықты дамыту		-шебер сабақ	ақпан	Елеукенова Р.С
Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары		-тренинг, тренингтік жаттығу.	наурыз	Байженова А.Ж
8 Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бұ...		«Кейс-стади» әдісі	наурыз	Тилекберді Л
9 Көркем мінез – баға жетпес байлық			сәуір	Шакирова Ж.К
10 Сен жанбасан лапылдап...			мамыр	Зейннулина Ж.Т

Орынд: ДТЖО Сырымбетова А.А